Балалармен жеке жұмыс	**Нұрисламмен жеке жұмыс.** Ұлттық қимылды ойындар, жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға белсенділікпен қатысуға, онда физикалық қасиеттерді: жылдамдық,	**Мүсіліммен жеке жұмыс.** Таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қия білуге үйрету. **5-Ш.16 Жапсыру**	**Рақымжанмен жеке жұмыс.** Қағаз бетінде бағдарлай білуді, апта күндерін, жыл мезгілдері бойынша айларды ретімен атауды үйрету. **5-Т.5 Математика**	**Мадина және Рахымжанмен жеке жұмыс.** Тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы жеткізуге баулу. **5-Ш.1 Сурет**	**Әділжан және Інжумен жеке жұмыс.** Жазу парағында бағдарлай білуді, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажыратуға баулу. **5-К.21 Сауат ашу**

	күш, шыдамдылық, икемділік,ептілік көрсетуге үйрету. **5-Ф.3 Дене шынықтыру**				
Балалардың үйге қайтуы	Үйде құстары туралы балалармен әңгімелесу, еңбек әрекетін ұйымдастыруды ұсыну,	Ата-аналармен баланың мектепте не үйренгенін күнделікті сұрап тұруын ескерту.	Ата-аналарға баланың қыс мезгілі туралы не білетінін сұрауын ұсыну. Ертегі ойындарды үйде қайталауды ұсыну	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Апта бойы балалардың қандай іс әрекеттер жасағаны туралы айтып беру.

Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы

Тексерілді: Убай2-

Білім беру ұйымы: №8 орта мектебі

Мектепалды сыныбы: МАД"А"

Балалардың жасы : 5жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 25-29 желтоқсан айы, 2023-2024 оқу жылы

Тәрбиеші: Мамбетова.К.Ж.

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту коммуникативті іс-әрекет)				
	Ұлттық ойын: «Қазан» **Міндеті:** Кеңістікті бағдарлай білуге баулу **Шарты:** асықтарды көлденең нысанаға 3 метрден лақтырады. **(Физикалық қасиеттерді дамыту)**	**Боямақ.** «Шырша ойыншықтары» **Міндеті:** Ойлау қабілеттерін дамыту. **Ойын барысы:** Балалар алда келе жатқан жаңа жыл туралы әңгімелейді. Жаңа жылда шыршаны әсем ойыншықтармен безендіру туралы айтады.Шырша үлгісіне ойыншықтар суреттерін салып бояйды. **(Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру,Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)**	**Үстел үсті ойыны** «Пішінді жаса» **Міндеті:** Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. **Ойын барысы:** Пішіндерден әртүрлі заттарды құрастыру. (үй, шырша, балық, машина, гүл). **(Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)**	**Боямақ.** «Қыс қы табиғат» **Міндеті:** Қысқы мезгіл туралы білімдерін тиянақтау. **Ойын барысы:** Балалар қыс мезгілі туралы әңгімелейді..Дайын қысқы табиғат суреттерін бояйды. **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту, Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)**	
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес,әңгімелесу	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер				
	Ата-анаға кеңес Қаншалықты уақытыңыз аз болсада	**Ата-анаға кеңес** Баланың міндетті түрде өздігінен орындайтын	**Ата-анаға кеңес** Балаға өзінің іс әрекетін түсіндіруді үйретіңіз. Яғни бала ең алдымен	**Ата-анаға кеңес** Балаға өз бетінше жеке басының тазалығын	

	балаңыздың жан-жақты дамуына көңіл бөліңіз. Есіңізде болсын балаңыз сіздің ең басты байлығыңыз.	жұмыстары болуы қажет. Сіз тек осы жұмыстардың орындалуын қадағалауыңыз керек.	ойланып содан соң ғана шешім қабылдауды үйрену керек. Ең жақсысы өзі сенімсіздік танытқан мәселелерде ата-анасымен кеңесуге болатынын білуі қажет.	қадағалауды және де әр түрлі жағдайларда өзін қалай ұстау керектігін түсіндіріңіз.	
Балалардың дербес іс-әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Еркін ойын: «** Не дұрыс ,не бұрыс?» **Міндеті:**Үйдегі, мектептегі міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Нені «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету. **Ойынның барысы:** Балалар дөңгеленіп отырады. Педагог балаларға «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер бейнеленген суреттерді көрсетеді. Балалар суреттегі жағдай дұрыс болса бас бармақтарын көрсетеді. Дұрыс болмаса бармақтарын төмен түсіреді. Педагог балаларға ситуациялық сұрақтар қояды. Балалардың ойын тыңдайды. **(Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру,**	**Үстел үсті ойыны: «Киіз үйді құрастыр» Міндеті:** Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп) Ұлттық құндылықтарды танып білуге үйрету **Ойынның барысы:** Балалар бөлінген қима қағаздардан киіз үйді құрастырады. Киіз үйдің жабдықтарын атайды **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту, Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)**	**Қимылды ойын: « Жалаушаны тап (қайда тығылғанын тап) Ойынның барысы:** Балалар бөлменің қабырғасынан жағалай ұзына-бойына немесе алаңның бір жағына отырады. Педагог балаларға жалаушаны көрсетеді де, оны жасыратынын айтады. Педагог балаларға орындарынан тұрып, теріс қарауды ұсынады да жалаушаны жасырып: « Ал іздеңдер»-дейді. Балалар тығылған жалаушаны іздей бастайды. Жалаушаны кім бірінші болып тапса, ол ойын қайталанған кезде жалаушаны жасыру құқығына ие болады. Жалаушаны балалар бірден таба алмайтындай етіп жасыру керек. Бірақ, егер балалар жалаушаны ұзақ уақыт таба алмаса, онда педагог жалауша тығылған жерге келіп, сол маңнан іздеуді ұсынады. Жалаушаны бала жасыратын кезде, оған дұрыс орын табуға көмектесу керек. Жалаушаны басқа нәрсемен ауыстыруға болады. **(Физикалық қасиеттерді дамыту)**	**Құрылымдалған ойын:** «Жануарларды тауып ата» **Міндеті:** Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату **Ойынның барысы:** Педагог балаларға жапсырмалы бүктеме береді. Балалар жануарларды өз орындарына тауып орналастырады әңгімелейді.Дауысын ,қимылын салады **(Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)**	

	Коммуникативтік дағдыларды дамыту, Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**№143.Д/О: «Зейінді бол»** **Міндеті:** Күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты, төртбұрышты, шеңберді көрсете білу. **Ойынның барысы**:Педагог көрсеткіш таяқшамен бірінші (екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы) суретті нұсқап, балаларға мынадай сұрақ қояды: Суреттен қандай таныс пішінді көресіңдер? Әрбір суретте өзара ұқсас неше пішін бар? Есептеу кезінде аз қателескен қатар ұтып шығады. **(Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)**	**№ 144 Д/О: «Кім тез табады?»** **Міндеті:** Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білуге үйрету. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасауға, үлкендерді сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіруге, алғыс айту, сыпайы сөйлеуге баулу **Ойынның барысы:**Педагог отбасы мүшелерінің суреттерін көрсетеді,балалар тез атай білу керек..Педагог балаларға допты лақтырады,қағып алған бала аталған сөзге сөйлем құрастырады. **(Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, Физикалық қасиеттерді**	**№105.Д/О:** «Пайдалы - пайдасыз» **Міндеті:** пайдалы-пайдасыз азық – түлік жөнінде балалардың түсініктерін дамыту қалыптастыру. **Ойынның барысы:** Үстелдің үстіне азық – түліктің суреттері қойылады. Балалар бір-бірден келіп бір сурет алып, ондағы тағамның пайдалы немесе пайдасыз екенін айтып түсіндіріп, екініш стөлге қояды. Балалар пайдалы және пайдасыз тағамдарды екіге бөліп қоюлары керек. **(Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды, Коммуникативтік дағдыларды дамыту)**	**Қимылды ойын:** **« Кім шапшаң?»** **Міндеті:**Ептілікке,шапшаңдыққа баулу. **Ойынның барысы:** Балалар саппен келе жатып, педагог белгі берісімен, жан-жаққа бытырап, ойнап кетеді. Екінші белгімен тез өз орындарына тұра қалады. Педагог «1,2,3» деп санағанша балалар тұрып үлгеруі керек. Кімнің тез, дұрыс тұрғанын атап айтылып, жаңылған балаға ескерту беріледі. **(Физикалық қасиеттерді дамыту)**	

		дамыту)			
Кестеге сәйкес ұйымдастырылған, іс-әрекет	**1**.Сауат ашу негіздері **2**.Математика негіздері. **3**.Музыка **4**.Көркем әдебиет	1. Сөйлеуді дамыту 2. Қоршаған ортамен таныстыру 3. Қазақ тілі. 4. Дене шынықтыру	**1.** Көркем әдебиет. **2**.Сауат ашу негіздері. **3**.Математика негіздері. **4**.Денешынықтыру.	**1**.Сөйлеуді дамыту. **2.** Математика негіздері. **3**.Музыка. **4**.Қазақ тілі.	
	1.Сауат ашу негіздері. **Міндеттері:**Геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастырып бояу. **№22.Д.О. «Ғажайып пішіндер»** **Міндеті:** Геометриялық пішіндер туралы білімдерін толықтыру. **Ойын барысы:** Суреттегі заттар қандай пішіндерден құрастырылған туралы әңгіпелеп береді. Аппликация жасау үшін қандай пішіндер пайдаланылған, Геометриялық пішіндерден аппликация ойластырып, оны жапсырады. (үй, шырша, балапан. т.б.). **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту,**	**1.Сөйлеуді дамыту.** **Міндеттері:**Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру, ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару. **№119.Д.О. «Ойлан да аяқта»** **Міндеті:** Айтылған сөздерді есіне сақтап, сөзді сөйлеммен жалғастырып айтуға дағдыландыру, балалардың сөздік қорын молайту. Ойын барысы: Педагог сөз тіркестерін айтады, балалар сөйлемді аяқтайды. **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** **2.Қоршаған орта.** **Міндеттері:**Жол қозғалыс ережелері. «Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы», «Метро аялдамасы»,	**1.Көркем әдебиет.** **Міндеттері:**Шешендікке сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. **№43.Д.О. «Тапқыр болсаң шешіп көр»** **Міндеті:** Жұмбақтарды тез шеше білуге үйрету. Ойын барысы: Балаларға жұмбақтар жасыру. Санамақ жаттайық. Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Қосып едім екеуін, Болып шықты он саусақ. Оң аяқта бес бақай, Сол аяқта бес бақай. Қосып едім екеуін, Болып шықты он бақай. Бір үйде біз нешеуміз? Кел санайық екеуміз. Бас бармағым – әкем, Балан үйрек – анам, Ортан тірек – ағам, Шылдыр шүмек – апам, Кішкене бөбек – мен. **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** Саусақ жаттығуы. Мына саусақ- атам,	**1.Сөйлеуді дамыту.** **Міндеттері:**Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру, ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару. **№44.Д.О. «Жалғасын тап»** **Міндеті:** Айтылған сөздерді есіне сақтап, сөзді сөйлеммен жалғастырып айтуға дағдыландыру, **Ойын барысы**: Бастаушы бала сөйлемді бастап береді. Балалар аяқтайды. -Қыста күн.... -Бүгін қар.... -Айнала... -Балалар сырғанақта.... -Балалар қардан..... **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту, Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды)**	

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту) **№113.Д.О.** **«Пішіндерді боя»** **Міндеті:**Түстерді танып білуге үйрету. **Ойын барысы:** Балаларға пішіндер салынған қағаздар таратылып беріледі. Бұл суреттегі пішіндер боялмаған. Педагог балаларға тақтаға боялған пішіндерді ұсынады. Балалар сол тақтадағы түстерге қарап алдарындағы пішіндерді сондай түспен бояйды. **№114.Д.О. «Қандай пішін жетіспейді?»** **Міндеті:** Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілетерін арттыру. **Ойын барысы:** Тақтаға геометриялық пішіндер ілінеді. Педагог балаларға көздеріңді жұмыңдар деп бір пішінді алып	«Троллебус аялдамасы», «Жаяу жүргіншілер жолы», «Велосипедке арналған жол» жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру. **Тыныштық сәті.** Баяу музыка әуенімен балалар көздерін жұмып, көз алдарына саяхатқа қалай шығатындарын елестетеді. Жеңіл көлікпен аялдамаға жетеді. Аялдамадан автобусқа мінеді. Вокзалдан поездға мініп, портқа жетеді. Кememен жүзіп отырып әуежайға, әуежайдан ұшаққа отырып демалатын жерге де жетеміз. Көзімізді ашамыз. Балалар, қандай сезімде болдыңдар? **(Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды)** **Бірге жаттайық.** Троллейбус. Бағанаға ілінген, Аспалы сым жолы бар. Көшелерде жүгірген Троллейбус жолығар. Сым жолымен зулайды, Басқа жаққа бұрмайды. -Троллейбусқа мініп көрдіңдер ме? -Троллейбустың автобустан айырмашылығы қандай?	Мына саусақ- әжем. Мына саусақ -әкем, Мына саусақ - анам. Мына саусақ - мен, Бәріміз бір - жанұя. «Саусақтар әні» үнтаспа. **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту, Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)** **№112.Д.О. «Жаңылмай айт»** **Міндеті:** Балалардың тілін жаттықтыру. Жаңылтпаштарды жатқа айта білуге үйрету. **Ойын барысы:** Педагог балаларға жаңылтпаштарды жатқа айтуды ұсынады. Жаңылтпаштар жаттайық. Асан бақша жақтан, Ақ сабақ асқабақ әкелді, Басқа жақтан, Басқарақ асқабақ әкелді. Ала-ала алашалар, Тамаша олар. Оған кім таласа алар. Сұр інген сүрінген бе, Сүрінген сұр інген бе. Бұлаң бұлаң еткен бұл аң, Бұлаң десем екен қылаң. Ата мен әже, ана да, Алма мен алмұрт тереді. Арман мен Арнұр балалар да, Арбамен тасып береді. Омартаға балалар барар, Балаларды аралар талар. **(Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды, Коммуникативтік дағдыларды дамыту,**	**№46.Д.О. «Сөйлемді аяқта»** **Міндеті:** Балалардың тіл байлығын арттыру. Сөздік қорын молайту. **Ойын барысы**: Сөйлемнің басын бастайды, балалар аяқтайды. -Құстар ұша алады, өйткені... -Құстар қоректенеді.... -Аяздан қорықпайды... -Құстар бір-біріне ұқсайды... -Құстардың барлығына тән белгілерін айт.... -Құстың адамға қандай пайдасы бар? **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту, Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды)** **2.Математика.** **Міндеттері**:Уақытты бағдарлау. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау. **№49.Д.О.«Тәулік бөліктері»** **Міндеті:** Сурет бойынша әңгіме құрауды және тәулік бөліктерін ажырата	

	қояды. Балалар көздерін ашқанда қандай пішін жоқ екенін айтады. **(Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)** **Жазып үйренем:** «Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!» **Міндеті:** Қолды жазуға дайындау, жазу дәптерінің бетінде бағдарлай білуге, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. **Ойын барысы:** Балалар геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастырмай бояйды. (Сауат ашу-коммуникативтік ойын әрекеті). **Еркін ойын.** «Пішіндерден не салуға болады?» **Міндеті:** Балалардың ой, қиялын дамыту. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. **Ойын барысы:** Балалар геометриялық	-Сым жолымен қалай жүреді? (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті). Жұмбақ шешу. Төбесінде ебелек, Ұшады өзі керемет. (тікұшақ). Табанында жлы бар, Төбесінде қолы бар. (трамвай). Сергіту сәті. Орнымыздан тұрамыз, Қанатымызды жаямыз. Ұшақ болып ұшамыз, Суда жүйіткіп жүземіз, Кемелерді түземіз. Жол тәртібін сақтап, Троллейбуска мінеміз. (балалар қимылмен көрсетеді). **(Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды, Коммуникативтік дағдыларды дамыту) Физикалық қасиеттерді дамыту)** **№24.Д.О. «Қандай белгі екенін айт»** **Міндеті:** Жол белгілерін ажырата білуге үйрету, балалардың жолда жүру ережелері жайында білімдерін бекіту. Ойын барысы: Балаларға	**Физикалық қасиеттерді дамыту)** **2.Сауат ашу негіздері.** **Міндеті:** Геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастырып бояу. **№120.Д.О. «Мынау қандай пішін?»** **Міндеті:** Геометриялық пішінді сипап, сезу арқыл анықтап айта білуге үйрету. **Ойын барысы:** Бала топқа қарап тұрып, қолын артқа ұстайды. Педагог баланың қолына бір геометриялқ пішінді ұстатады. Бала оны сипап байқап, қандай пішін екенін айтады. **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту, Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)** **№121.Д.О. «Бірдей пішіндерді тап»** **Міндеті**: Пішіндерді танып, топтастыра білуге үйрету. Ойлау қабілетін, қол қимылын жаттықтыру. **Ойын барысы:** Балаларға бірнеше пішіндерді таратып береді. Балалар бірдей пішіндерді тауып, топтастырады. Пішіндердің түсін, санын айтады. **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту, Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту** **Жазып үйренем:** «Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!» **Міндеті:** Қолды жазуға дайындау, жазу дәптерінің бетінде бағдарлай білуге, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.	білуді үйрету. **Ойын барысы:** Балалар кезектесіп суретті алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды. **Сөздік ойын: «Жыл мезгілдері»** **Міндеті:** Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту. **Ойын барысы**: Педагог балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Балалар әр жыл мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін айтады. **)Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** **№50.Д.О. «Алға доп ойыны»** **Міндеті:** Жыл мезгілдерінің белгілерін атай білуге үйрету. **Ойын барысы:** Балалар шеңберге тұрады. Педагог бір жыл мезгілін атайды және допты жанында тұрған балаға береді. Балалар аталған жыл мезгілінің ерекшеліктерін атап, допты шеңбер бойымен жанындағы балаға береді. **№51.Д.О. «Дұрыс па, бұрыс па?»** **Ойынның мақсаты:** Әр жыл мезгілінің өзіне тән	

	пішіндерден әртүрлі суреттер салу. Көрме ұйымдастыру. Балалардың салған суретін бағалау. Ең жақсы салынған суреттерден көрме ұйымдастыру. **2.Математика.** **Міндеттері:** Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту. Заттарды кеңістікке орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде). **№6.Д.О. «Не қайда орналасқан?»** **Міндеті:** Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. **Ойын барысы:** Суретке қарайды, суреттегі заттардың қайда орналасқанын айтады. (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, қоршаған ортамен танысу-тілдік қарым-қатынас). **№7.Д.О. «Ойыншықты тап»** **Міндеті:** Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. **Ойын барысы:** Педагог бір	текшелер таратылады. Балалар оны мұқият қарайды, әрі қарай әр бала өзінің белгісі туралы айтып береді. **(Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды, Физикалық қасиеттерді дамыту)** **№25.Д.О. «Біл және көшеде жүру ережесін орында»** **Міндеті:** Көшеде жүру ережелерін бекіту. Ойын барысы: Тақтада бірнеше суреттер ілініп тұрады. Педагог балаларға суретті мұқият қарауды ұсынады. Балалар суреттерге қарап жол жүру ережесін естеріне түсіріп не істеуге болатынын айтып береді. **(Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды, Коммуникативтік дағдыларды дамыту** **Қимылды ойын: «Көліктер»** **Міндеті:** Көлік түрлері туралы білімдерін бекіту. Кеңістікті бағдарлауды, жаяу және шашыраңқы жүруді және жүгіруді, жылдамдықты дамыту. Ойын барысы: Балаларға	**Ойын барысы:** Балалар геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастырмай бояйды. **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** **3.Математика.** **Міндеттері:** Уақытты бағдарлау. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау. **№45.Д.О. «Маған ұнайтын жыл мезгілі»** **Міндеті:** Жыл мезгілдері туралы білімдерін толықтыру. Сөздік қорын молайту. **Ойын барысы:** Жыл мезгілдерін атайды. Сұрақтарға жауап береді. Өзіне ұнаған мезгілді айтады. -Бір жылда неше мезгіл бар? -Кәзір жылдың қай мезгілі? -Саған жылдың қай мезгілі ұнайды? **№46.Д.О. «Сәйкес заттарды тап»** **Міндеті:** Жыл мезгілдері туралы білімдерін толықтыру. **Ойын барысы:** Жыл мезгіліне сәйкес заттарды таңда. Сызып қос. Күз-қолшатыр. Қыс-шаңғы. Көктем-секіргіш. Жаз-футбол добы. **Сөздік ойын: «Бұл қай уақытта болады?»** **Міндеті:** Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға үйрету. Ойын барысы: Сурет бойынша әңгімелейді.	ерекшеліктерін білуге үйрету, білімдерін толықтыру. **Ойын барысы:** Балалар шеңберге тұрады. Педагог жылдың бір мезгілінің белгісін атайды. Бұл белгі дұрыс болса, бала допты қағып алады. **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту, Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)** **3.Музыка.** **Міндеттері:** Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. **Музыка тыңдау: «Жаңа жыл әні»** **Ән айту:** «Шырша әні» «Шыршаға бардық» Музыкалық ырғақты қимылдар: «Ұлпалақтар би» 1.Балалар қолдарына жылтырақ таяқшалар ұстайды. 2.Аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, шеңбер бойымен ортаға жиналып, кері қайтып тұрған орындарына	

ойыншықты тығып қояды. Бір баланы шақырады. Педагогтің нұсқауымен мысалы: 1 адым алдыға оңға бұрыл, 2 адым алдыға тура жүр деп ойыншыққа дейінгі жолды айтып отырады. Бала айтылған нұсқаумен дұрыс жүріп ойыншықты табады. **(Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)** **№52.Д.О. «Жоғарыда-төменде»** **Міндеті:** Жоғары-төмен ұғымдарын пысықтау. Байқағыштықты, зейін, қиялын дамыту. **Ойын барысы:** Бала қораптың ішінен бір суретті алып, атын атап, орнын анықтап үлкен суретке бекітеді. Мысалы: ұшақ жоғарыда аспанда ұшады, балық төменде су ішінде жүзеді. **(Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)**	автомобильдердің рөлдері беріледі. Балалар бір-біріне соқтығыспай жүреді және жүгіреді. Сонымен бірге рөлді айналдырады. **(Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды, Физикалық қасиеттерді дамыту)** **3.Қазақ тілі.** **Міндеттері:**Тілдің грамматикалық құрылымы. интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. **№5.Д.О. «Сиқырлы қалта»** **Міндеті:** Диалогтік сөйлеуде сөздерді дұрыс, анық айтуға, сұраулы сөйлемдерді дауыс интонациясын сақтап дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөйлем қарқынын өзгерте білуге үйрету. **Ойын барысы:** Педагог сиқырлы қалтаны ортаға қойып балаларды кезекпен шақырып, сол қалтадағы заттарды алғызады. Балалар алған заттарын сипаттап айтып береді. **№25.Д.О «Не қандай?»** **Міндеті:**	Таңертең. Күндіз. Кешке. Түнде. **Еркін ойын: «Дүкен»** **Міндеті:** Апта күндерін білуге үйрету. **Ойын барысы:** Анаң аптаның әр күні дүкеннен не сатып алғанын ата. Суреттерді санмен сызып қос. Апта күндерін ата. Дүйсенбі-нан Сейсенбі-сүт. Сәрсенбі-ойыншықтар. Бейсенбі-ертегі кітаптары. Жұма-жеміс-жидектер. Сенбі-көкөністер. Жексенбі-оқу құралдары. 1 2 3 4 5 6 7 **№47.Д.О. «Менің сүйікті ертегім»** **Міндеті:** Балаларды апта күндерін ажырата білуге үйрету. **Ойын барысы:** Суретке қара. Балалардың аптаның әр күнінде қай ертегіні тыңдағанын айт. Дүйсенбі-«Шалқан» ертегісі. Сейсенбі-«Жеті лақ» ертегісі. Сәрсенбі-«Қызыл телпек» ертегісі. Бейсенбі.... **Сөздік ойын: «Жыл мезгілдері»** **Міндеті:** Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту. **Ойын барысы**: Педагог балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Балалар әр жыл мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін айтады. **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** **№48.Д.О. «Бұл қай кезде болады?»**	айналады. Ортаға жиналғанда қолды жоғары көтеріп, кейін қайтқанда қолды түсіреді. Айналғанда қолды екі жаққа жаяды. **(Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, Физикалық қасиеттерді дамыту)** **Музыкалық ырғақты қимылдар: «Көбелектер биі»** **Шарты:** Биді жеңіл денені еркін ұстап, аяқтың ұшымен, қалқып ұшып, бір-біріне соқтығыспай билеу. (Музыка-шығармашылық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі). **4.Қазақ тілі.** **Міндеттері:**Байланыстыры п сөйлеу. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған толық, нақты жауап бере білуге баулу. **Ашық микрафон:** **Міндеті:** Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған толық, нақты жауап

Қимылды ойын: «Поезд» **Міндеті:** Балаларды кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру. Оң және солға бұрыла білуді үйрету. **Ойын барысы:** Бір бала жүргізуші болады. Жүргізуші бала алдында тұрады, қалған балалар жүргізуші баланың соңынан бір-біріңнің иықтарына қолдарыңды қойып тұрады. Жүргізуші бала поезді жүргізеді, барлығың содан ажырамай бір-біріңнің арттарыңнан ересіңдер. Мен сендерге нұсқау беремін. Мысалы: оңға немесе солға бұрылыңдар. «Айнал»-десем жүргізуші сол нұсқауды орындайды, сол бағытқа бұрылады. **(Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, Физикалық қасиеттерді дамыту,** **3.Музыка.** **Міндеттері:** Би шығармашылығы.	Балаларды жәндіктердің сыртқы кейпіне, мекеніне, қозғалыс тәсіліне анықтама беруге ынталандыру. **Ойын барысы:** Балалар жәндіктерге анықтама бере отырып, оның сыртқы кейпінің ерекшеліктері, қозғалыс тәсілдері туралы айтады. Кім? Не? Қандай?-деген сұрақтарға нақты жауап береді. **№24.Д.О. «Бұл не? Бұл кім?»** **Міндеті:** Балаларды көпше етістікті қолдана білуге үйрету, сөздік қорын молайту. Ойлау, қабылдау қабілеттерін арттыру. **Ойын барысы:** Балаларға суреттер беріледі. Балалар ол суретте не бейнеленгенін әңгімелейді, айтады. Сұрағы қойылады. **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** **4.Дене шынықтыру.** **Міндеттері:** Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту. Дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін	**Міндеті:** Жұмбақтарды шеше білуге үйрету. **Ойын барысы:** Балаларға жыл мезгілдері туралы жұмбақтар жасыру. Жиын-терін болатын, Қамбаға астық толатын. Қызыл қырман ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (күз). Шанамен зырлап желетін, Шаңғы, коньки тебетін. Аққала жасап ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (қыс). Бұлтты айдай желдеткен, Нөсерлеткен, селдеткен. Шалшық кешіп ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (көктем). Қойның толы жеміске, Көк майсалы еңісте. Көбелек қуып ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (жаз). **Бірге жаттайық.** «Аптадағы жеті күн» **Міндеті:** Апта күндерінің атын білу және ажырата білуге үйрету. Апта деген атайдың Жеті бірдей ұлы бар. Біріншісі-Дүйсенбі, Екіншісі-Сейсенбі. Үшіншісі -Сәрсенбі, Төртіншісі-Бейсенбі. Бесіншісі-Жұма, Алтыншысы-Сенбі, Жетіншісі-Жексенбі. **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)**	бере білуге баулу. **Ойын барысы:** -Қазір жылдың қай мезгілі? Қ-ыс мезгілі неше айдан тұрады? -Жаңа жыл мерекесі қашан болады? -Жаңа жылда нені безендіреміз? -Шыршаны безендірген сендерге ұнай ма? -Ақшақар кім? -Аязата мен Ақшақарға балалар қандай өнерлерін көрсетеді? -Аяз атадан сыйлық алып көрдіңдер ме? **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** . **Жұмбақты шеш.** Шашуы көп, дәмі мол, Тастамайды қабын ол. Жаһан кезіп баланың, Қуантпақшы бәрін ол. (Аяз ата). Тыныштық сәті. Музыка ойналып тұрады. Көзімізді жұмып, Жаңа жыл мерекесін елестетейік. Шыршаны айнала доңгелене тұрмыз. Қандай әдемі шырша! Жасыл шырша әсем етіп безендірілген. Аязата мен Ақшақар шырша жанында тұр. Көзімізді ашайық. Көз алдарыңа не	

	Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. **Музыка тыңдау: «Жаңа жыл әні»** **Ән айту:** «Шырша әні» **Музыкалық ырғақты қимылдар: «Ұлпалақтар биі»** 1.Балалар қолдарына жылтырақ таяқшалар ұстайды. 2.Аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, шеңбер бойымен ортаға жиналып, кері қайтып тұрған орындарына айналады. Ортаға жиналғанда қолды жоғары көтеріп, кейін қайтқанда қолды түсіреді. Айналғанда қолды екі жаққа жаяды. **(Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, Физикалық қасиеттерді дамыту)** **1.Көркем әдебиет.** **Міндеттері:**Шешендік ке сөз өнеріне баулу,	мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану. **№24. Д.О. «Жақсы-жаман»** **Міндеті:** Жақсы және жаман әдеттерді ажырата білуге үйрету. **Ойын барысы:** Педагог балаларға допты лақтырып, «тісті тазалау», «алманы жумай жеу» т.с.с сөздер айтады. Балалар «жақсы» немесе «жаман» деп баға беріп, допты педагогке қайтарады. Әңгімелеу: «Тіс нені жақсы көреді?» Міндеті: Балаларға тіске дұрыс күтім жасауды үйрету. **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту,Физикалық қасиеттерді дамыту)** **Еркін ойын:** «Ең таза қол» **Міндеті:** Балаларды тазалыққа баулу. **Ойын барысы:** Байқау өткізу. Балалар қолдарын сабындап жуады. Қолын шайғанда суы таза болған бала жеңіске жетеді. **Есте сақта!**	**4.Денешынықтыру.** **Міндеттері:**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту. Дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану. **№24.Д.О. «Жақсы-жаман»** **Міндеті:** Жақсы және жаман әдеттерді ажырата білуге үйрету. **Ойын барысы:** Педагог балаларға допты лақтырып, «тісті тазалау», «алманы жумай жеу» т.с.с сөздер айтады. Балалар «жақсы» немесе «жаман» деп баға беріп, допты педагогке қайтарады. **Еркін ойын: «Ең таза қол»** **Міндеті:** Балаларды тазалыққа баулу. **Ойын барысы:** Байқау өткізу. Балалар қолдарын сабындап жуады. Қолын шайғанда суы таза болған бала жеңіске жетеді. Есте сақта! Микроб, вирус, бактериялар-судан, сабыннан қорқады. Егер біз үнемі жуынып, шомылып, тісімізді тазалап жүрсек, еніміз сау болып, ауырмай жүреміз. Микроб, вирус, бактериялар шынығудан қорқады. **№25.Д.О. «Жаны саудың-тәні сау»** **Ойын барысы:** Суреттерге қарайды, денсаулықты нығайту туралы әңгімелейді. **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** **№26.Қимылды ойын:**	елестеттіндер? (Әр бала не елестеткенін баяндайды). **№96.Д.О. «З мен Ш дыбысынан кездесетін сөз айту»** **Міндеті:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығн арттыру. **Ойын барысы:** Балалар кезекпен з мен ш дыбыстары кездесетін сөздер айтып жарысады. Көп сөз айтқан топ немесе бала жеңімпаз атанады. Мысалы: аяз, шана, шаңғы, шырша, Аязата, Ақшақар т.б. **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)**	

санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. **№43.Д.О. «Тапқыр болсаң шешіп көр»** **Міндеті:** Жұмбақтарды тез шеше білуге үйрету. Ойын барысы: Балаларға жұмбақтар жасыру. Санамақ жаттайық. Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Қосып едім екеуін, Болып шықты он саусақ. Оң аяқта бес бақай, Сол аяқта бес бақай. Қосып едім екеуін, Болып шықты он бақай. Бір үйде біз нешеуміз? Кел санайық екеуміз. Бас бармағым – әкем, Балан үйрек – анам, Ортан тірек – ағам, Шылдыр шүмек – апам, Кішкене бөбек – мен. **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** Саусақ жаттығуы. Мына саусақ- атам, Мына саусақ- әжем. Мына саусақ -әкем, Мына саусақ - анам. Мына саусақ - мен,	Микроб, вирус, бактериялар-судан, сабыннан қорқады. Егер біз үнемі жуынып, шомылып, тісімізді тазалап жүрсек, еніміз сау болып, ауырмай жүреміз. Микроб, вирус, бактериялар шыныгудан қорқады. **№25. Д.О. «Жаны саудың-тәні сау»** **Міндеті:** Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту. **Ойын барысы:** Суреттерге қарайды, денсаулықты нығайту туралы әңгімелейді. **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту).** **№26. Қимылды ойын: «Көңілді қошақандар»** **Міндеті:** Ептілікке,шапшаңдыққа тәрбиелеу **Ойын барысы:** Спорт залда немесе алаңда жерге ұзын сызық сызылады. Бұл сызық көпір, ал көпірдің арғы жағында қошақандардың үйі болады. Қошақандар көңілді әуенмен билеп жүреді, әуен тоқтағанда жарыса отырып, көпірден өтіп, үйлеріне жылдам жетулері керек.	**«Көңілді қошақандар»** **Міндеті:** Ептілікке,шапшаңдыққа тәрбиелеу **Ойын барысы**: Спорт залда немесе алаңда жерге ұзын сызық сызылады. Бұл сызық көпір, ал көпірдің арғы жағында қошақандардың үйі болады. Қошақандар көңілді әуенмен билеп жүреді, әуен тоқтағанда жарыса отырып, көпірден өтіп, үйлеріне жылдам жетулері керек. **(Физикалық қасиеттерді дамыту)**		

	Бәріміз бір - жанұя. «Саусақтар әні» үнтаспа. **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту, Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)** **№112.Д.О. «Жаңылмай айт»** **Міндеті:** Балалардың тілін жаттықтыру. Жаңылтпаштарды жатқа айта білуге үйрету. **Ойын барысы:** Педагог балаларға жаңылтпаштарды жатқа айтуды ұсынады. Жаңылтпаштар жаттайық. Асан бақша жақтан, Ақ сабақ асқабақ әкелді, Басқа жақтан, Басқарақ асқабақ әкелді. Ала-ала алашалар, Тамаша олар. Оған кім таласа алар. Сұр інген сүрінген бе, Сүрінген сұр інген бе. Бұлаң бұлаң еткен бұлаң, Бұлаң десем екен қылаң. Ата мен әже, ана да,	**(Физикалық қасиеттерді дамыту)**			

	Алма мен алмұрт тереді. Арман мен Арнұр балалар да, Арбамен тасып береді. Омартаға балалар барар, Балаларды аралар талар. **(Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды, Коммуникативтік дағдыларды дамыту, Физикалық қасиеттерді дамыту)**				
Серуенге дайындық	Қазір жылдың қай мезгілі?	Қыстап қалатын қандай құстарды білесіңдер ?	Қыс мезгілінде ойналатын ойын түрлерін білесіңдер ме?	Қыс мезгілінде қандай киім киесіңдер?	
Серуен	**Серуен №8** **Қара қарғаны бақылау** — Қарғалардың қысқы тіршілігін бақылау; — Басқа құстардан айырмашылығын табу. (сыртқы түрі, дауысы, жүрісі). **Бақылау барысы** **Көркем сөз** **Құстар қыста тоңады** Ө. Ақыпбеков **Міндеті:** Құстар қыста тоңады, Жоқ киетін ішігі. Желде қатты соғады, Қарды көзге ұшырып. Қалатындай қайта ұшпай, Ұя тапса шаттанып. Жем іздейді байғұстар, Қардың астын ақтарып. Балаларға сұрақтар: Балалар, сендер	**Серуен №8** **Қара қарғаны бақылау** — Қарғалардың қысқы тіршілігін бақылау; — Басқа құстардан айырмашылығын табу. (сыртқы түрі, дауысы, жүрісі). **Бақылау барысы** **Көркем сөз** **Құстар қыста тоңады** Ө. Ақыпбеков **Міндеті:** Құстар қыста тоңады, Жоқ киетін ішігі. Желде қатты соғады, Қарды көзге ұшырып. Қалатындай қайта ұшпай, Ұя тапса шаттанып. Жем іздейді байғұстар, Қардың астын ақтарып. Балаларға сұрақтар: Балалар, сендер қарғаның қалай дыбыстайтынын білесіңдер ме?	**Серуен №9** **Желді бақылау** **Міндеті**: — өлі табиғат туралы білімдерін байыту; — табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. **Бақылау барысы** **Көркем сөз Ұйытқыма жел Ө.** Ақыпбекұлы Ұбырып-шұбырып, Ұйтқиды құбылып. Ұлпадай ақ қарды, Ұршықтай үйіріп. Ұлиды қасқырдай, Ұйтқып көз аштырмай. Екпіндей соғады, Алдыға бастырмай. **Балаға сұрақтар** Бүгін ауа райы қандай? *(суық, желді, аязды)* Қыс мезгілінде желді қалай атайды? (боран,үскірік) Бүгін жел қай жақтан соғып тұр? Оны қалай анықтауғаболады?(компаспен,	**Желтоқсан** **Серуен №10** **Көпшілік көліктерін бақылау** **Міндеті**: — көпшілік көліктері туралы білімдерін тиянақтау, жолда жүру ережелерін білу; —үлкендер еңбегі мен техникаға деген қызығушылыққа тәрбиелеу. **Бақылау барысы** **Балалармен әңгімелесу өткізу.** сендер қандай көпшілікке арналған көлік түрлерін білесіңдер? Автобустар тоқтайтын жер қалай аталады? *(аялдама.)* Аялдамаға автобустардан басқа тағы қандай көліктер тоқтайды? (Маршруттар, таксилер.) Автобусқа қай есіктен міну керек? (алдыңғы)	..

	қарғаның қалай дыбыстайтынын білесіңдер ме? (қар...қар).Қарғаның түсі қандай? Оның басқа құстардан қандай айырмашылығы бар? Иә, қарға қыстап қалатын құс. Ол көбіне ағаштың басына шығып, айналаны бақылап отырады. Қарғаның мамығы қалың, тұмсығы мықты болады. Қарғалар ешқандай тамақ талғамайды, көзіне түскендердің бәрін: дәндерді, тұқымдарды, жәндіктер мен құрттарды, тіпті ұсақ жәндіктер мен құстарды да жейді. **Еңбек** Алаңды қардан тазалау. **Міндеті:** ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген ықыласын тәрбиелеу **Қимылды ойын:** «Бәйге». **Міндеті:** жүкіру жылдамдығын, ептілігін, қызығушылығын дамыту. **Жаттығу ойындары** Шаңғымен жүруге жаттықтыру **Міндеті:** күштіліктері мен мықтылықтарын дамыту.	(қар...қар).Қарғаның түсі қандай? Оның басқа құстардан қандай айырмашылығы бар? Иә, қарға қыстап қалатын құс. Ол көбіне ағаштың басына шығып, айналаны бақылап отырады. Қарғаның мамығы қалың, тұмсығы мықты болады. Қарғалар ешқандай тамақ талғамайды, көзіне түскендердің бәрін: дәндерді, тұқымдарды, жәндіктер мен құрттарды, тіпті ұсақ жәндіктер мен құстарды да жейді. **Еңбек** Алаңды қардан тазалау. **Міндеті:** ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген ықыласын тәрбиелеу **Қимылды ойын:** «Бәйге». **Міндеті:** жүкіру жылдамдығын, ептілігін, қызығушылығын дамыту. **Жаттығу ойындары** Шаңғымен жүруге жаттықтыру **Міндеті:** күштіліктері мен мықтылықтарын дамыту.	зырылдауықпен) Жел қалай пайда болады? Тәрбиеші түсіндіреді: ***Күн ауаны бірдей жылытпайды, бір жерде-жылы, бір жерде-суық. Жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.*** **Еңбек** Сырғанақ төбешік соғу **Міндеті**: бір-біріне деген жағымды көзқараста болуға тәрбиелеу. **Қимылды ойын** «ең мерген кім?». **Міндеті:** — Заттарды лақтыруға жаттықтыру; — Көзбен мөлшерлей білулерін дамыту. — «Ағаш суретін сал». **Міндеті**:қар бетіне әртүрлі ағаш суретін сала білулерін бекіту. **Жеке жұмыс:** «Затты тап». **Міндеті:** — Балабақша ауласын бағдарлай білулерін бекіту; Затты сипаттау бойынша табу.	Қай есіктен шығу керек?? (артқы) Автобустың қай жағынан айналып өту керек? (арт жағынан) Неге? (жолда келе жатқан көліктер жақсы көрінеді) Сен автобуста келе жатырсың. Бос орындар жоқ. Автобуска карт кісі мінді. Сен не істейсің? Неге? Жолдан қалай өту керек? *(*асықпай, үлкендермен бірге, алдымен сол жаққа, сонан соң оң жаққа қарау керек) Бағдаршамның қай түсінде өту керек? *(жасыл)* **Еңбек:** Аула тазалаушыға көмектесу. **Міндеті:**еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу, тапсырманы жауапкершілікпен орындауға баулу. **Қимылды ойын** «Жүргізушілер және жаяулар». **Міндеті:** Жолда жүру ережесін сақтауға тәрбиелеу **Жаттығу ойындары** Қозғалыстарын дамыту. **Міндеті:** 20 см биіктікке секіру дағдыларын бекіту	
Балалардың дербес	**Құрылымдалған**	**Үстел үсті ойындары:**	**Үстел үсті ойыны:** «Мен бастайын сен	**Сөздік ойын**	

әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**ойын: «Менің ізі?»** **Міндеті:** Жануарлардың ерекшеліктерін ажыратып атауға үйренеді **Ойын барысы:**Балалар фонарикпен қарау арқылы жануарлардың ізін тауып атайды **(Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)** **Қимылды ойын:** **«Секіріп түс те, бұрыл!»** **Міндеті**: Кеңістікті бағдарлай алуын, оңға және солға бұрылуды үйрету. Ойын барысы: «Хоп!»-деген белгі бойынша тез қимыл жасай алуын дамыту, жоғарыға секіруді орындай алуға үйрету. Кеңістікті бағдарлай алуын бекіту. (жүргізушінің көрсеткен жағына бұрылу). **(Физикалық қасиеттерді дамыту)**	**Пазл** **"Түрлі-түсті машиналар"** **Міндеті**:Балалардың коммуникативтік-ақпараттық құзіреттілігін молайтып,балалардың ой-түйсігін,қиялын дамыту.Балалардың танымдық қабілеттерін ,зейінін ,сенсорлық ойлау қабілеттерін дамыту.Балаларға негізгі төрт түстерді айыра білуге үйрету, қызыл,сары,көк,жасыл. **Ойын барысы:** Балалар дөңгелекті машиналардың түстеріне байланысты орналастырады. **(Танымдық және зияткерлік , дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)** **Қимылды ойын:** **«Екі және үш»** **Міндеті:** ес, зейін, ойлау, қозғалыс белсенділігін дамыту. **Ойын барысы:** Балалар жүреді немесе араласып жүгіріп жүреді. Тәрбиеші «Екі!» деп белгі бергенде – жанында тұрған кез-келген баламен жұп құрайды, қолдарынан ұстап, белгіленген жерге жүгіріп барады (жалау, доп), ол	жалғастыр» **Міндеті**: Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару **Ойын барысы:**Педагог балаларға ертегіні мнемокесте әдісі бойынша бастап береді балалар жалғасын өздері ойдан шығарып айтады **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** **Қимыл ойын:** **«Ұшақтар»** **Міндеті:** Шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру Ойын барысы: Балалар алаңда жұмыс істеп тұрған матор сияқты бір-бірін қанаттарымен қақпауға тырысып жүгіреді. Белгі бойынша: «Маторды қос!», «Отырғызу басталды!» қимыл жасайды. **(Физикалық қасиеттерді дамыту**	**«Жаңылтпаш»** **Міндеті:** Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, айтыс өнеріне баулу. Тәрбиешінің сөзін балалар жалғастыру.Сөйлеу тілін дамыту. **Ойын барысы**: Балалар жаңылтпаштарды қайталап айтады. **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** **Суреттік боямалар** **«Не,қайда өмір сүреді»** **Міндеті:** Жануарлар туралы түсінік беру оларға қамқорлықпен қарауға баулу. **Ойын барысы:**Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады. **(Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)**	

		жерде келген кезектері бойынша жұптасып тұрады. Егер тәрбиеші «Үш!» деп айтса, балалар үштік жасап, белгіленген жерге жүгіріп барады. **(Физикалық қасиеттерді дамыту)**			
Балалармен жеке жұмыс	**Сезіммен жеке жұмыс** Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге үйрету. **5-К.4 Сөйлеуді дамыту**	**Інжу және Бексұлтанмен жеке жұмыс.** Өзіне – өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын білуге үйрету. **5-Ф.6 Дене шынықтыру**	**Асылым және Абылаймен жеке жұмыс.** Сөздерге дыбыстық талдау жасай алуға үйрету. **5-К.1 Сөйлеуді дамыту**	**Айбибі және Кәусармен жеке жұмыс.** Жұмысты ұқыпты орындауға, қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. **5-Ш.14 Жапсыру**	
Балалардың үйге қайтуы	«Балаңыздың қандай мультфильм көретінін бақылайсыз ба?»тақырыбында сұхбаттасу	Ата-анамен сөйлесу. Баланың тәртібі жөнінде айту.Үйге қайтару	Балалардың оқу іс-әрекетіне көңіл бөлу. Үйге қайтару	Өлең, тақпақтар, санамақтарды үйде қайталап айту, жаттату.	

Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы

Тексерілді: Убай2-

Білім беру ұйымы: №8 орта мектебі

Мектепалды сыныбы: МАД"А"

Балалардың жасы : 5жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 25-29 желтоқсан айы, 2023-2024 оқу жылы

Тәрбиеші: Мамбетова.К.Ж.

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту коммуникативті іс-әрекет)				
	Ұлттық ойын: «Қазан» **Міндеті:** Кеңістікті бағдарлай білуге баулу **Шарты:** асықтарды көлденең нысанаға 3 метрден лақтырады. **(Физикалық қасиеттерді дамыту)**	**Боямақ.** «Шырша ойыншықтары» **Міндеті:** Ойлау қабілеттерін дамыту. **Ойын барысы:** Балалар алда келе жатқан жаңа жыл туралы әңгімелейді. Жаңа жылда шыршаны әсем ойыншықтармен безендіру туралы айтады.Шырша үлгісіне ойыншықтар суреттерін салып бояйды. **(Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру,Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)**	**Үстел үсті ойыны** «Пішінді жаса» **Міндеті:** Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. **Ойын барысы:** Пішіндерден әртүрлі заттарды құрастыру. (үй, шырша, балық, машина, гүл). **(Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)**	**Боямақ.** «Қыс қы табиғат» **Міндеті:** Қысқы мезгіл туралы білімдерін тиянақтау. **Ойын барысы:** Балалар қыс мезгілі туралы әңгімелейді..Дайын қысқы табиғат суреттерін бояйды. **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту, Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)**	
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес,әңгімелесу	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер				
	Ата-анаға кеңес Қаншалықты уақытыңыз аз болсада	**Ата-анаға кеңес** Баланың міндетті түрде өздігінен орындайтын	**Ата-анаға кеңес** Балаға өзінің іс әрекетін түсіндіруді үйретіңіз. Яғни бала ең алдымен	**Ата-анаға кеңес** Балаға өз бетінше жеке басының тазалығын	

	балаңыздың жан-жақты дамуына көңіл бөліңіз. Есіңізде болсын балаңыз сіздің ең басты байлығыңыз.	жұмыстары болуы қажет. Сіз тек осы жұмыстардың орындалуын қадағалауыңыз керек.	ойланып содан соң ғана шешім қабылдауды үйрену керек. Ең жақсысы өзі сенімсіздік танытқан мәселелерде ата-анасымен кеңесуге болатынын білуі қажет.	қадағалауды және де әр түрлі жағдайларда өзін қалай ұстау керектігін түсіндіріңіз.	
